

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 5 сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қазіргі медиамәдениет.

Грамматикалық тақырып: Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

Есте сақтайық!

Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бірдей тұлғада тұратын сөйлем мүшелерін **бірыңғай мүшелер** дейміз. Бірыңғай мүшелер сөйлемдегі бір мүшемен ғана байланысады:

Әсем демалыс кезінде көрмеде, мұражайда, театрда болды.

Сөйлемде бірыңғай мүшелер санамалап оқылады.

1. Біз Абайдың **қарасөздерін, өлеңдерін** оқимыз.
2. **Айша, Жанар, Сәуле** – үшеуі дос.
3. **Жел дүрілдейді, ысқырады** (Б. Майлин).
4. **Ләйлә үйге барсын, тынықсын.**
5. Ұлықбек – Әмір Темірдің немересі. Ол жастайынан **поэзияға, философияға, тарихқа, астрономияға** құштар болады. Ұлықбек **Платон, Аристотель, Птолемей** сияқты грек ғалымдарының еңбектерімен ерте танысады. Орта Азияның ұлы ғұламалары **әл-Фараби, әл-Бируни, Ибн Сина, Насырад-дин Туси** еңбектерін жете меңгереді.

Сөйлемнің барлық мүшелері де сөйлемнің бірыңғай мүшелері бола алады.

Мысалы, бірыңғай бастауыштар: ***Есіл бойында бүлдірген де, мойыл да, жидек те, қарақат та (не?) өседі.***

Бірыңғай баяндауыштар: ***Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқан оқушылар ән салады, би билейді және күй шертеді (не істейді?).***

Бірыңғай толықтауыштар: ***Біз – Исатай мен Махамбетті, Амангелді мен Абайды (кімді?) пір тұтқан халықтың ұрпағымыз.***

Бірыңғай анықтауыштар: ***Ораз ойыншы, әзілқой, қалжыңшыл, аса жайдары мінезді (қандай?) адам еді.***

Бірыңғай пысықтауыштар: ***Тоқсанбай қарт немересінің күн иісі сіңген кекілінен емірене, құшырлана (қалай?) иіскеді.***

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері жалғаулықсыз да, жалғаулықтар арқылы да байланысады.

Негізінен, мұндай реттерде ыңғайлас жалғаулықтар, қарсылықты жалғаулықтар және талғаулы жалғаулықтар қатынасады:

Арбада, дөңгелектер де, адамдар да, олардың ойлары да қызғылт шаңның ішінде (М. Жұмабаев);

Бірыңғай мүшелердің алдында немесе соңында жалпылауыш сөздер болады. Ондай қызметті есімдіктер, сияқты, тәрізді сөздер, сондай-ақ сан есімдер де атқарады:

Арқаға аяқ салып түскен барып, Екі оттың — орыс, қытай арасына (М. Жұмабаев).

Жазылым.тапсырма.

Берілген үлгі сөйлемдерге қарап, көркем шығармалардан сөйлемнің бірыңғай мүшелерін табыңыздар.

Бірыңғай бастауыш: Жаз келер, қыстыгүні қысым етіп, Қар, суық, аяз, боран — бәрі кетіп (Шәкәрім).

Бірыңғай баяндауыш: Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім, Жөнім жоқ сені мақтай сөйлемеске (Жамбыл).

Бірыңғай толықтауыш: Бай бейілін, мейірін, Сән, салтанат сейілін, Ақыл күшін, зейінін, Ең ақыры, төбетін, Күймен, жырмен мадақтап, Бәйіт қылып беретін (Жамбыл).

Бірыңғай анықтауыш: Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың Алданбайсың артынан ерте берсең (Шәкәрім).

Бірыңғай нысықтауыш: Ол мойнын бұрып жан-жағына қарады да, түйенің табанындай аяқ-қолдарын асықпай, табандықта сермеп жүзіп жүре берді (Б. Момышұлы).

Абай. Ғылым таппай мақтанба

Өлеңді мәнерлеп оқып, бірыңғай мүшесі бар сөйлемдерді тауып жазыңыз.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.

Айтылым. Мәтіннен бірыңғай мүшелерді табыңыз, мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Абай

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

Жазылым. Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтіннен таныс емес жаңа сөздерді аудармасымен жазыңыз, жаттап алыңыз.
2. Берілген кесте бойынша сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне сөйлемдер құрастырып жазыңыз.
3. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.
4. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыз: ақпарат құралдары, ақпараттардың мазмұны.

Айтылым.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Қоғам туралы туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

Тыңдалым. Тілді дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Пайдалы, қажет ақпараттар» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз.

5-сабақ аяқталды.